

**«Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары  
басқармасы» ММ 2018 жылға арналған бюджеттік өтініміне  
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

**Қаражаттарды шығыстаудың негізгі бағыттары**

«Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме болып табылады. Басқарманың негізгі қызметтері:

- жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарымен өтетін жолаушылар көлігі бағыттарының желісін жедел басқару, сонымен қатар олар бойынша жолаушылар тасымалын ұйымдастыру;
- ҚР мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамасына сәйкес облыстық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын салу, қайта салу, жөндеу және күтіп-ұстау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

2018 жылғы бюджет жобасы Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы» бұйрығының негізінде және 2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының көлік жүйесін дамыту және біріктіру мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жасалды. Бюджеттік өтінімдерді жасаудың негізгі мақсаты бағдарламаны орындау нәтижесі мен қажетті ресурстар туралы сандық және қаржылық ақпарат негізіндегі жоспарланатын кезеңге бюджеттік бағдарламаларды таңдау болып табылады, сонымен қатар бюджеттік бағдарламалардың кейінгі тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау.

**Лимитке сәйкес 2018-2020 жылдарға жалпы сома 25 578 994,8 мың теңге, оның ішінде 2018 жылға - 7 987 006,0 мың теңге, 2019 жылға – 8 869 269,8 мың теңге, 2020 жылға - 8 722 719 мың теңге.**

Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының қызметі көлік инфрақұрылымын дамытуға 7 бюджеттік бағдарлама, соның ішінде 5 ағымдағы бюджеттік бағдарлама және 2 даму бюджеттік бағдарлама бойынша бағытталады.

Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы автомобиль жолдарының үлесін 2018 жылы 51 %-ға арттыру мақсатында келесі бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржы бөлу көзделген:

**Бюджеттік бағдарламалардың қысқаша мінездемесі  
және сипаттамасы**

**268 001 000 «Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру» бағдарламасы бойынша 2017 жылға 48 123,0 мың теңге қаражат қарастырылған.**

**111 «Еңбекақыны есептеу» ерекшелігі бойынша – 22 076,0 мың теңге.** Мемлекеттік қызметкерлердің штат бойынша жалпы саны 14 бірлік

және 4 штаттан тыс қызметкер. 111 «Еңбекақыны есептеу» ерекшелік бойынша – 22 076,0 мың теңге Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №150 [«Саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы»](#), 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Жарлығына және ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 23 қаңтардағы №74 «Базалық лауазымдық жалақы мөлшерін, түзету коэффициенті, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттары үшін көтермелеу коэффициенттерін тағайындау туралы» Қаулысына сәйкес қызметкерлердің өтілі мен базалық лауазымдық жалақысының өзгерісін ескеретін қолда бар штаттық кесте бойынша есептелген.

**113 «Өтемақы төлемдері» ерекшелігі бойынша** өтемақы төлемдерінің есебі - 3 680,0 мың теңге. №1284 Жарлыққа сәйкес мемлекеттік қызметшілерді сауықтандыруға бағытталған жәрдемақылардың шығындары және Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған өтемақы төлемдеріне, бір реттік жәрдемақылар бойынша шығындар есептеледі.

**121 «Әлеуметтік салық» ерекшелігі бойынша** – 1 192,0 мың теңге. Әлеуметтік салықты есептеу кезінде ҚР [«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы»](#) Кодексі басшылыққа алынды.

**122 «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар» ерекшелігі бойынша** - 993,0 мың теңге. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар ҚР Үкіметінің «Әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару Ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес салық салынатын еңбекақы қорынан 5% көлемінде есептелді.

**123 ерекшелік бойынша** - 35,0 мың теңге. «Toyota Prado» 2007 ж.ш. және «ВАЗ 21214» 2008 ж.ш. екі автокөлік құралдарын міндетті сақтандыру үшін төлемдер.

**124 ерекшелік бойынша** - 309,0 мың теңге міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру төлемдері.

**131 ерекшелік бойынша** - 1 766,0 мың теңге. 4 штаттан тыс қызметкерлерге (іс қағаздарын жүргізуші, инспектор, 2 жүргізуші) еңбекақы төлеу өтілі мен базалық лауазымдық жалақысының өзгерісін ескеретін қолда бар штаттық кесте бойынша және ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 [«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы»](#) Қаулысына сәйкес және түзету коэффициенті бойынша есептелген.

**135 ерекшелік бойынша** - 222,0 мың теңге. Штаттан тыс қызметкерлердің әлеуметтік салығы мен әлеуметтік аударымдарын есептеу кезінде ҚР [«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы»](#) Кодексі және Қазақстан республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21

маусымдағы №683 [«Әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару ережесін бекіту туралы»](#) қаулысы басшылыққа алынды.

**136 «Техникалық қызметкерлердің ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік жол жүрулері» ерекшелігі бойынша** – 1 214,0 мың теңге, автокөлік жүргізушісі автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі бөлімдерінің қызметкерлерінің Басқарма теңгеріміндегі автожолдарының жағдайын тексеруге, сондай-ақ облыс аумағында заңсыз таксилерді анықтауға мақсатында іссапарларын қамтамасыз етеді. Басқарма Тапсырыс беруші ретінде мердігерлік ұйымдардың атқарып жатқан жұмыстарын қабылдап, сапасын бағалау үшін объектінің орналасқан жеріне баруы тиіс. Аталмыш бөлімдердің жұмыс жоспарлары қаланың сыртындағы елді мекендерге шығуды қарастырады, өйткені Басқарма облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстау және ағымдық жөндеуді 15 бағыт бойынша қадағалап, қамтамасыз етеді.

**144 «Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша** – 1 692,0 мың теңге. 2009 жылғы 11 тамыздағы №1210 [«Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы»](#) қаулысына сәйкес 1 692,0 мың теңге есептелді, 1 жылда 3 200 литр. Басқарманың жиналыс хаттамасымен сұйытылған газға лимит орнатылып, жанар-жағар майдың нормасы 30%-ға ұлғайтылды, ай сайынғы шығын 388 литрді құрайды.

**149 «Өзге де қорларды сатып алу» ерекшелігі бойынша** жалпы сомасы 1 885,0 мың теңге шығыстар қарастырылған. Соның ішінде, факсқа арналған қағаз және А-4 қағазына (700 дана) – 840,0 мың теңге және факс қағаздары (50 дана) – 15,0 мың теңге, картридждер (83 дана) үшін 359,0 мың теңге және тонер (20 дана) – 62,0 мың теңге, журналдар мен газеттерге жазылу 80,2 мың теңге, кеңсе тауарларына 292,0 мың теңге, «Toyota Prado» және ВАЗ 21214 автокөліктеріне қосалқы бөлшектер үшін 237,0 мың теңге. 2018 жылға шығыстар 7% индексін ескере отырып есептелді.

**152 «Байланыс қызметтеріне ақы төлеу» ерекшелігі бойынша** 1 529,0 мың теңге, оның ішінде пошта-телеграф қызметтеріне - 149,0 мың теңге, байланыс қызметтеріне (ғаламтор және абоненттік төлем) 1 380,0 мың теңге. 2018 жылға шығыс 7% индексін ескере отырып есептелді.

**154 «Үй-жайды жалға алу төлемдері» ерекшелігі бойынша** 4 124,0 мың теңге. Жалға алу төлеміне коммуналдық төлемдер (электр қуаты, жылу, су және кәріз жүйесі), ғимараттарды күтіп-ұстау, қызмет көрсету, жинау, ағымдағы жөндеу, құлыптарды ауыстыру және басқалары бойынша барлық шығындар қосылған, қосымша төлемақы алынбайды. Жалға алынып отырған ғимараттың жалпы аумағы 227,0 ш.м., 1 ш.м - 1 514 теңге, ай сайынғы төленетін жалпы сомасы 343,6 мың теңге. 2018 жылға шығыс 2015 жылғы 17 наурыздағы ҚР Қаржы министрінің №179 «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жихазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын

орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» Бұйрығына сәйкес есептелді.

**159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстар» ерекшелігі бойынша** 4 318,0 мың теңге. АЖ «Электрондық құжатайналымы жүйесі» 1 052,0 мың теңге; семинарларға қатысу 559,0 мың теңге (9 адам), К2 деректер базасына қашықтықтан қолдау көрсету 180,0 мың теңге (жыл бойына), К2 деректер базасына техникалық қолдау көрсету 416,4 мың теңге, негізгі құралдар мен компьютерлерді жөндеу және күтіп ұстау (14 компьютер және 2 ноутбук) 252,0 мың теңге, Мини-АТС техникалық қолдау 252,0 мың теңге (жыл бойы); «Парус» қолдау 676,2 мың теңге; жергілікті және республикалық хабарландыру орналастыру бойынша 720,0 мың теңге және бланкілерді (1000 дана) және куәліктерді (100 дана) дайындау бойынша 32,0 мың теңге; банктік қызметі 100,0 мың теңге.

**161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшелігі бойынша** 3 087,5 мың теңге. Басқарма басшысы мен басшының орынбасары «Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ сұрақтары бойынша жоғары тұрған басшылардың тапсырмасымен Астана қаласына ұшады. Басқарма қызметкерлері АДБ бекітуге, трансферттер бойынша Келісімдерді келісуге және мемлекеттік сатып алулар бойынша біліктілікті арттыруға Астана, Алматы қалаларына барады. Сондай-ақ негізгі бөлім қызметкерлері 15 бағыт бойынша облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын қарауға және тексеруге шығады. Басқарма жыл сайын өз балансындағы автомобиль жолдарын салу, қайта құру, күрделі, орташа және ағымдық жөндеулер бойынша жобаларды іске асырады. Басқарма Тапсырыс беруші ретінде мердігерлік ұйымдардың атқарып жатқан жұмыстарын қабылдап, сапасын бағалау үшін объектінің орналасқан жеріне баруы тиіс. Басқарманың жолаушылар көлігі бөлімі ауданаралық және қалааралық жолаушылар тасымалын іске асыруда конкурстар өткізеді. Конкурс ережелері осы бөлімнің қызметкерлерін материалдық және еңбек ресурстарымен жабдықталуын бағалау үшін конкурс қатысушысының орналасқан орнына баруды міндеттейді. Сонымен қатар жолаушылар көлігі бөлімінің қызметкерлері облыстың көлеңкелі экономикасының үлесін ұлғайтатын заңсыз таксилердің жұмысын анықтау және тоқтату бойынша рейдтерге шығады. 2017 жылы басқарма басшысы және басшының орынбасары Астана қаласында және шетелдік іссапарда 11 рет болды, шығыстар 609,0 мың теңгені құрады. Қызметкерлер Астана және Алматы қалаларында іссапармен 10 рет болды, шығыстар 300,0 мың теңгені құрады. Облыс ішінде қызметкерлер іссапарда 20 рет болды, шығыстар 454,8 мың теңгені құрады.

Іссапар шығындарын есептеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 [«Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы»](#) қаулысы басшылыққа алынды.

Қазіргі таңда Ақтөбе облысының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының ұзындығы **6 553,8 шақырымды** құрайды, оның ішінде **1 893,8 шақырым** республикалық, **1 057,0 шақырым** облыстық және **3 603,0 шақырым** аудандық маңызы бар жолдар.

**268 002 015 «Көлік инфрақұрылымын дамыту. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» бағдарламасы бойынша:**

**432 «Жолдарды салу» ерекшелігі бойынша 260 000,0 мың теңге.** 2018 жылға 260 000,0 мың теңге қарастырылған; республикалық бюджеттен іске асырылатын жобаларды жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыру болып табылады. ҚР Бюджеттік Кодексінің 46 бабына сәйкес төмен тұрған бюджетке жоғары тұрған бюджеттен дамуға мақсатты трансферттер төмен тұрған жергілікті бюджеттен бюджеттік инвестициялар қоса қаржыландырылған кезде бөлінеді.

**«Ақтөбе қаласының оңтүстік айналма жолы» автомобиль жолын қайта салу 0-21,5 шақырым учаскесі 80 000,0 мың теңге;**

Келісім-шарттарға сәйкес қайта құрудың жалпы сомасы 4 024,9 млн. теңгені құрады. 2014 жылы жобаның басталуына жергілікті бюджеттен 100,0 млн. теңге бөлініп, игерілді. 2016 жылы қазанда республикалық бюджетті нақтылау кезінде 300,0 млн. теңге бөлінді, 2017 жылы 740,0 млн. теңге бөлінді, оның ішінде РБ – 700,0 млн. теңге және ОБ – 40,0 млн. теңге. 2018 жылға ҚР ИДМ-не РБ-тен 800,0 млн. теңгеге бюджеттік өтінім жасалды. Осы орайда жобаны қоса қаржыландыру үшін облыстық бюджеттен 80,0 млн. теңге бөлу қажет. Қайта құруға жататын автожолдың ұзындығы 21,5 шақырымды құрайды, бұл жоба іске асқан жағдайда Ақтөбе қаласы арқылы транзит төмендеп, республикалық маңызы бар «Самара-Шымкент» және «Ақтөбе-Атырау-Астрахань» автожолдары қосылады.

**«Ақтөбе-Орск» 0 шақырымнан бастап 8 шақырымға дейін автомобиль жолын қайта құру» 110 000,0 мың теңге;**

Келісім-шарттарға сәйкес қайта құрудың жалпы сомасы 3 051,2 млн. теңгені құрады. 2016 жылы қазанда республикалық бюджетті нақтылау кезінде 300,0 млн. теңге бөлінді, 2017 жылы 950,0 млн. теңге бөлінді, оның ішінде РБ – 900,0 млн. теңге және ОБ – 50,0 млн. теңге. 2018 жылға ҚР ИДМ-не РБ-тен 700,0 млн. теңгеге бюджеттік өтінім жасалды. Осы орайда жобаны қоса қаржыландыру үшін облыстық бюджеттен 110,0 млн. теңге бөлу қажет. Қайта құруға жататын автожолдың ұзындығы 7,7 шақырымды құрайды. Бұл жол тоқтаусыз қозғалыстағы жалпықалалық маңызы бар асфальтті бетонды жабындағы магистралді көше санатына жатады.

«Нұр-Ақтөбе» жаңа тұрғын алабының құрылысына, сонымен қатар Украина, Қызылжар, Благодарный ауылдық округтерінің жеке

құрылыстарына орай аталмыш бағытта көлік құралдарының саны күрт өскен.

«Нұр-Ақтөбе» тұрғын үй құрылыс жоспарына сәйкес бұл ықшам ауданда 300 мың тұрғындарға дейін қоныстандыру көзделген.

**«Ақтөбе қаласынан шығар жолда АФЗ ауданында жол өткелін салу» 70 000,0 мың теңге.**

Келісім-шарттарға сәйкес құрылыстың жалпы сомасы 2 107,5 млн. теңгені құрады. 2017 жылы 220,0 млн. теңге бөлінді, оның ішінде РБ – 200,0 млн. теңге және ОБ – 20,0 млн. теңге. 2018 жылға ҚР ИДМ-не РБ-тен 700,0 млн. теңгеге бюджеттік өтінім жасалды. Осы орайда жобаны қоса қаржыландыру үшін облыстық бюджеттен 70,0 млн. теңге бөлу қажет. Жол өткелі Орынбор қаласынан Ақтөбе қаласына келе жатқан (және кері бағытта да) автокөліктердің өтуіне және көлік қозғалысын темір жолдың үстімен 2 деңгейде іске асруға мүмкіндік береді. Бұл құрылыстың түпкі нәтижесі кептелістерді жойып, жолда жүру уақытын азайту, сондай-ақ көліктің автомобиль жолымен қиылысында темір жол құрамымен соқтығысуды болдырмау болып табылады.

**268 003 000 «Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша: 2018 жылға 741 149,0 мың теңге қарастырылған; Күтіп ұстауға және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстарға бағалар Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 17 маусымдағы № 711 «Астананың, республикалық маңызы бар қалалардың көшелерін, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп-ұстауды қаржыландыру нормативтерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес бекітіледі.**

**159 ерекшелік бойынша** «Өзге де қызметтер мен жұмыстар» ерекшелігі бойынша облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу және күтіп ұстауға есептемелер «Автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу, күтіп-ұстау және көгалдандыру жұмыстарының сметалық нормалары мен бағаларының жиынтығы» негізінде жасалды.

**Облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу 741 149,0 мың теңге.**

2018-2020 жылдарға облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстау және ағымдағы жөндеуге жолдардың қазіргі жағдайын ескере отырып Басқарма қызметкерлерімен жасалған болжамдық есептеулерге сәйкес бөлінуге қажетті қаражат көлемі – 2 223,4 млн. теңге.

Ұзындығы 1 057,0 шақырым облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстау және ағымдағы жөндеуге жылдық қаржыландыру:

- автомобиль жолдарын күтіп ұстау 316,0 млн. теңге;
- ағымдық жөндеу 425,1 млн. теңгені құрайды.

Жолдың және жол құрылыстарының сақталуын қамтамасыз ету, сонымен қатар олардың жағдайын жылдың барлық мезгілінде тоқтаусыз

және қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету шарттары бойынша рұқсат етілген талаптарға сәйкес ұстап тұру үшін 741,1 млн. теңге бөлу қажет.

Күтіп ұстау бойынша жұмыстар жобалық құжаттаманы қажет етпейді. Оларды ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 17 маусымдағы №711 «Астананың, республикалық маңызы бар қалалардың көшелерін, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп-ұстауды қаржыландыру нормативтерін бекіту туралы» Бұйрығына сәйкес күтіп ұстауға рұқсат етілген қаражат шеңберінде ақаулар ведомосы бойынша жолдарды қарау нәтижелерінің негізінде жоспарлайды.

Автомобиль жолдарын күтіп ұстау және құрылыс жұмыстары, жолдарды көгалдандыру басқа да жұмыстар мазмұны көктемгі, жазғы және күзгі, қысқы кезеңдерге бөлінеді.

Қазақстан Республикасы ИДМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 711 бұйрығына сәйкес (Астананың, республикалық маңызы бар қалалардың көшелерін, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу мен күтіп-ұстауды қаржыландыру нормативтерін бекіту туралы) Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитетімен ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау жұмыстары түрлеріне баға қойылады.

**268 005 000 «Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын демеу қаржыландыру» бағдарламасы бойынша 2018 жылға жолаушылар тасымалы қатынастарына 244 247,0 мың теңге қарастырылды.**

**311 «Әлеуметтік-маңызды ауданаралық (қаларалық) қатынастарды жолаушылар тасымалымен ұйымдастыру» ерекшелігі бойынша «Ақтөбе-Шалқар-Ақтөбе» әлеуметтік маңызы бар темір жол бағытын субсидиялау 244 247,0 мың теңгені құрайды.**

Облыстық маслихат шешімі мен 2010 жылдың 14 шілдедегі №216/313 Ақтөбе облысының әкімшілігі қаулысымен «Ақтөбе-Шалқар» маршруты әлеуметтік маңызды қатынас болып анықталды.

Бұл қатынас шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарының облыс орталығымен өзара қатынасын қамтамсыз етуге бағытталғандықтан әлеуметтік маңызы бар болып табылады және автомобиль жолдарының қанағаттанарлықсыз жағдайына байланысты теміржол көлігі жалғыз қозғалыс тәсілі болып табылады.

Ақтөбе облысының әлеуметтік маңызды маршруттармен жолаушылар тасымалын үздіксіз қамтамсыз ету мақсатында 2018 жылға -244,2 млн. теңге бөлу қажет.

**«Көліктік инфрақұрылымның дамуына, аудандардың бюджеттеріне (облыстық маңызы бар қалалардың) берілетін нысаналы даму трансферттер. Жергілікті бюджет қаражат есебінен» 268 007 015 бағдарламасы бойынша Ақтөбе қаласында және облыс аудандарында**

**автомобиль жолдарын қайта жаңарту және құрылыс трансферттеріне 2018 жылға 2 222 948,0 мың теңге қарастырылған.**

**441** ерекшелігі бойынша «Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлерінің дамуына нысаналы трансферттер» **2 222 948,0 мың теңге** құрайды.

*Хромтау ауданының Қопа елді мекенінің кіреберісінде Ойсылқара өзені арқылы өтетін көпір өткелінің құрылысы – 216 495,0 мың теңгені құрайды.*

Аталмыш жобаны іске асыру тұрғындарының жалпы саны 1907 адамды құрайтын Қопа, Тамды, Құдықсай және Ойсылқара елді мекендерін үздіксіз әрі қауіпсіз қозғалыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

*Тургенев көшесінің автомобиль жолын Ғ.Жұбанова көшесіне дейін ұзартуды қайта құру – 667 092,0 мың теңге.*

*Сазды өзені және М.Мәметова көшесі арқылы өтетін көпір өткелінің құрылысы – 322 948,0 мың теңге.*

*Ақтөбе қаласындағы және Нұр Ақтөбе ТА 1 шағын ауданы және 1,1а шағын аудандарға дейін автомобиль жолының құрылысы – 463 413,0 мың теңге.*

*Ақтөбе қаласындағы «Нұр Сити» шағын ауданындағы автомобиль жолының құрылысы – 400 000 мың теңге.*

*Ақтөбе қаласындағы Сәңкібай батыр даңғылынан Тәуелсіздік көшесіне дейінгі автомобиль жолының құрылысы - 114 727,0 мың теңге.*

*Ақтөбе қаласындағы Батыс-2 шағын ауданындағы Айлин бала бақша аймағындағы автомобиль жолының құрылысы - 38 273,0 мың теңге.*

**Бюджеттік өтінімдерге байланысты 2018 жылы автомобиль жолдарын күрделі жөндеуге 268 025 000 «Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу» бағдарламасы бойынша 2 372 750,2 мың теңге қарастырылған.**

**422** «Жолдарды күрделі жөндеу» ерекшелігі бойынша **1 735 411,8 мың теңге.**  
*«Ақтөбе-Болгарка-Шұбарқұдық» 02-16,5 км учаскесі автомобиль жолын күрделі жөндеуге – 448 869,4 мың теңге.*

*Жалпы келісімшарт бойынша сомасы 1 498 869,4 мың теңгені құрайтын аталған жобаның жөндеу жұмыстары 2016 жылы басталды.*

*Жоба басталғаннан бері 1 050 000,0 мың теңге бөлінді және игерілді, оның ішінде 500 000,0 мың теңге 2016 жылы және 2017 жылы – 550 000,0 мың теңге. Автомобиль жолының күрделі жөндеуге жататын аумағы Ақтөбе қаласының агломерациясына кіретін облыс орталығы мен Сазды ауылының ортасында орналасқандықтан үлкен әлеуметтік маңызға ие. Соңғы жылдары Сазды ауылында Бауырластар – 1 және Бауырластар – 2 деген екі шағын аудандар пайда болды, 2014 жылғы*



анықтамалар бойынша тұрғындардың саны 3000 астам және одан әрі көбеюге негіздер бар.

Автокөліктердің аталған аумақта қарқынды жүруі тәулігіне 1000 бірліктен асады, алдағы уақытта тәулігіне 2000 бірлікке жету күтілуде. Сонымен қатар жоғарыда аталған автомобиль жолы аумағында Сазды су қоймасы аймағында тұрғындардың сүйікті демалыс орны орналасқан, онда Ақтөбе қаласының тұрғындары мен қонақтарының қатысуымен әртүрлі іс-шаралар өткізіледі.

Жоба 2016 жылдан бері өтпелі болып келеді. Осыған байланысты жобаны аяқтау үшін жөндеу жұмыстарына 2018 жылы - 448 869,4 мың теңге сома қажет.

**Облыстық маңызы бар «Шұбарқұдық-Ойыл-Қобда-Соль-Илецк» автомобиль жолының 307-334 км учаскесін күрделі жөндеу – 520 706,0 мың теңге.**

Жалпы келісімшарт бойынша сомасы 1 705 552,2 мың теңгені құрайтын аталған жобаның жөндеу жұмыстары 2016 жылы басталды. Жоба басталғаннан бері 1 100 000,0 мың теңге бөлінді және игерілді, оның ішінде 400 000,0 мың теңге 2016 жылы және 2017 жылы – 700 000,0 мың теңге. Қобда, Ойыл аудандарының тұрғындары үшін бұл автомобиль жолы үлкен әлеуметтік-экономикалық маңызға ие және Орынбор облысының Соль-Илецк қаласына қарай Ресей Федерациясының шекарасына шығуға болады. Бұл жол халықаралық жолаушылар тасымалының облыс орталығына соқпай тікелей дамуына ықпал етеді. Осыған байланысты жоба бойынша жөндеу жұмыстарын аяқтауға 2018 жылы 520 706,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлінуі қажет.

**«Донское-Бадамша–Ақтөбе-Орск» автомобиль жолының 17-30 км учаскесін күрделі жөндеу- 170 000,0 мың теңге.**

Жоба бойынша жалпы келісімшарттың құны -775 564,0 мың теңгені құрайтын жөндеу жұмыстары 2016 жылы басталған. Жоба басталғаннан бері 605 564,0 мың теңге бөлінді және игерілді, оның ішінде 400 000,0 мың теңге 2016 жылы және 2017 жылы – 205 564,0 мың теңге. Республикалық маңызы бар «Ақтөбе-Орск» автомобиль жолына шығу мүмкіндігі бар болғандықтан бұл жол Қарғалы және Хромтау аудандарының Хромтау қаласы, Никельтау, Бадамша сияқты елді мекендердің жалпы саны 31500-ді құрайтын тұрғындар үшін автомобиль жолының зор әлеуметтік-экономикалық маңызы бар. Аталмыш жол арқылы халықаралық жолаушылар тасымалын, облыс орталығына соғуды қажет етпей, тікелей дамытудың алғышарттары бар. Осы автожолмен Бадамша және Никельтау ауылдары арқылы Орск-Хромтау жолаушылар автобусы қатынайды. Осыған байланысты жөндеу жұмыстарын аяқтауға 2018 жылға 170 000,0 мың теңге қаражат бөлінуі қажет.

**«Дөң-Бадамша- «Ақтөбе-Орск» 30-45 шақырым автомобиль жолын күрделі жөндеуге – 350 мың теңге.**

Аталған жоба 2017 жылы басталған болатын. Жалпы келісімшарт сомасы 1 116 299,7 мың теңгені құрайды. 2017 жылы 300 000,0 мың теңге бөлініп, игерілген болатын. Облыстық маңызы бар «Дөң-Бадамша-«Ақтөбе-Орск» автомобиль жолының 30-45 шықырымы Қарғалы ауданы арқылы өтеді. Жол IV техникалық санатқа жатады, жабын түрі – қиыршықты ұсақтас.

Автомобиль жолы 90-жылдары салынған, құрылысы салынғаннан бері автомобиль жолына жөндеу жұмыстары жүргізілмеген, сонымен қатар жолдың сапасы қанағаттанарлықсыз. Қазіргі уақытта жабындылардың 40 % бұзылған. Жолдың жөндеу жұмыстары жүргізілетін ұзындығы 15 шақырым. Жобаны жүзеге асыру сапалы автомобиль жолымен қамтамасыз етуге, сонымен қатар 6269 тұрғыны бар Никельтау мен Бадамша елді мекендерінің қауіпсіз қозғалысына мүмкіндік береді. Осыған орай 2018 жылы жөндеу жұмыстарын жасау үшін 350 000,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлінуі қажет.

**«Шұбарқұдық-Ойыл-Қобда-Соль-Илецк» 334-371,9 км учаскесін күрделі жөндеу – 70 000,0 мың теңге.**

Жалпы құны 3 224 690 мың теңгені құрайтын бұл жобаны бастау 2018 жылға жоспарланып отыр. «Шұбарқұдық-Ойыл-Қобда-Соль-Илецк» автожолы Темір, Ойыл, Қобда аудандарын облыс орталығымен байланыстыратын жол болып табылады және Ресей Федерациясына шығатын жол ретінде қызмет етеді. Автомобиль жолы 90-жылдары салынған, құрылысы салынғаннан бері автомобиль жолына жөндеу жұмыстары жүргізілмеген, сонымен қатар жолдың сапасы қанағаттанарлықсыз. Қазіргі уақытта жабындылардың 40 % бұзылған. Жол IV техникалық санатқа жатады, жалпы ұзындығы 371,9 шақырымды құрайды. Жөнделетін учаске ұзындығы – 37,9 шақырым. Осы жобаның іске асырылуы тұрғындарының жалпы саны 3000-нан астам адамды құрайтын Жарық, Қанай, Ақырап, Қызылжар, Қаракемер, Жиренқона сияқты ауылдарды өзара үздіксіз, қауіпсіз көлік қозғалысын қамтамасыз ететін сапалы автожолдың болуына мүмкіндік береді. Осыған орай 2018 жылы жөндеу жұмыстарын бастау үшін 70 000,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлінуі қажет.

**Облыстық маңызы бар «Ақтөбе-Болгарка-Шұбарқұдық» автомобиль жолының 83+167 км Сарықобда өзені арқылы көпірді күрделі жөндеуге – 170 836,4 мың теңге.**

Бұл жоба 2017 жылдан бастап іске асырылуда. Жобаның жалпы құны 171 836,4 мың теңге. Жалпы ұзындығы 188,95 шақырым «Ақтөбе-Болгарка-Шұбарқұдық» автомобиль жолы Алға және Темір аудандарының аумағы арқылы өтеді және республикалық маңызы бар «Ақтөбе-Атырау»

автожолына шығады. Жол IV техникалық санатқа жатады, жабын түрі – асфальтті бетон, қара қиыршықтасты және қиыршық ұсақтасты.

Алға ауданында орналасқан 80-жылдарда салынған жалпы ұзындығы 63,5 м бұл көпір апатты жағдайда және бүгінгі күнге дейін жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Осыған сәйкес көпір құрылысын сақтап қалу мақсатында және жоба бойынша жөндеуаралық мерзімнің өтіп кетуіне байланысты 2018 жылы 170 836,4 мың теңге көлімінде қаражат бөлу қажет.

**«Ақтөбе-Болгарка-Шұбарқұдық» автомобиль жолының 62-100 км учаскесін күрделі жөндеуге ЖСҚ жасау – 500,0 мың теңге.**

Жалпы келісімшарт бойынша сомасы 16 300,0 мың теңгені құрайтын «Ақтөбе-Болгарка-Шұбарқұдық» автомобиль жолының 62-100 км учаскесін күрделі жөндеу жобасына жобалық-сметалық құжаттама жұмыстары 2017 жылы басталды. 2017 жылы 500,0 мың теңге бөлініп, игерілді. Облыстық маңызы бар «Ақтөбе-Болгарка-Шұбарқұдық» 62-100 км автомобиль жолы Алға ауданының аумағы арқылы өтеді. Жол IV техникалық санатқа жатады, жабын түрі – асфальтті бетон.

Автомобиль жолы 90-жылдарда салынған, сол уақыттан бері жөндеу жүргізілмеген және қанағаттанарлықсыз жағдайда. Қазіргі таңда 40%-дан астам жол жабыны бұзылған. 29 су өткізгіш құбыр жөндеуді қажет етеді.

**159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстар» ерекшелігі бойынша 637 338,4 мың теңге бөлу қарастырылған.**

**«Шұбарқұдық-Ойыл-Қобда-Соль-Илецк» 125-196 км учаскесін орташа жөндеу – 101 449,0 мың теңге.**

Жалпы келісімшарт бойынша сомасы 366 449,3 мың теңгені құрайтын аталған жобаның жөндеу жұмыстары 2016 жылы басталды. Жоба басталғаннан бері 265 000,0 мың теңге бөлінді және игерілді, оның ішінде 165 000,0 мың теңге 2016 жылы және 2017 жылы – 100 000,0 мың теңге. Облыстық маңызы бар «Шұбарқұдық-Ойыл-Қобда-Соль-Илецк» 125-196 км учаскесі Ойыл ауданының аумағынан өтеді. Жол IV техникалық санатқа жатады, жабын түрі – асфальтті бетон. Жөнделетін учаске ұзындығы – 71 шақырым.

Бұл жолда 2005-2008 жылдары күрделі жөндеу жүргізілген. Алайда қазіргі таңда жол жабыны бұзылған.

Аталмыш жол Ойыл ауданы тұрғындары үшін зор әлеуметтік-экономикалық маңызға ие және облыс орталығымен автокөлік қатынасы үшін қанағаттанарлық жағдайдағы жалғыз жол болып табылады, сондай-ақ Қобда ауданы арқылы Орынбор облысының Соль-Илецк қаласына қарай Ресей Федерациясымен шекараға шығады. Бұл жол халықаралық жолаушылар тасымалының облыс орталығына соқпай тікелей дамуына ықпал етеді. Осы жобаның іске асырылуы тұрғындарының жалпы саны 8000-нан астам адамды құрайтын аудан

орталығы Ойыл, Қаракемер, Ақшатау, Қоңырат, Кемер, Ақкемер, Бестамақ сияқты ауылдарды өзара үздіксіз, қауіпсіз көлік қозғалысын қамтамасыз ететін сапалы автожолдың болуына мүмкіндік береді.

**«Шұбарқұдық-Ойыл-Қобда-Соль-Илецк» 196-267 км учаскесін орташа жөндеу – 203 411,0 мың теңге.**

Жалпы келісімшарт бойынша сомасы 353 411,0 мың теңгені құрайтын аталған жобаның жөндеу жұмыстары 2017 жылы басталды. Жоба басталғаннан бері 150 000,0 мың теңге бөлінді және игерілді. Облыстық маңызы бар «Шұбарқұдық-Ойыл-Қобда-Соль-Илецк» 196-267 км учаскесі Қобда ауданының аумағынан өтеді. Жол IV техникалық санатқа жатады, жабын түрі – асфальтті бетон. Жөнделетін учаске ұзындығы – 71 шақырым.

Қобда ауданының тұрғындары үшін бұл автомобиль жолы үлкен әлеуметтік-экономикалық маңызға ие және облыс орталығымен автокөлік қатынасы үшін қанағаттанарлық жағдайдағы жалғыз жол болып табылады, сонымен қатар Қобда ауданы арқылы Орынбор облысының Соль-Илецк қаласына қарай Ресей Федерациясының шекарасына шығуға болады. Бұл жол халықаралық жолаушылар тасымалының облыс орталығына соқпай тікелей дамуына ықпал етеді. Осы жобаның іске асырылуы тұрғындарының жалпы саны 3000-нан астам адамды құрайтын Бестау, Бегалы, Калиновка, Кемер, Егіндібұлақ сияқты ауылдарды өзара үздіксіз, қауіпсіз көлік қозғалысын қамтамасыз ететін сапалы автожолдың болуына мүмкіндік береді. Осыған байланысты жоба бойынша жөндеу жұмыстарының аяқталуына 2018 жылы 203,411,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлу қажет.

**«Ақтөбе-Болгарка-Шұбарқұдық» уч. 16,5-62 км автомобиль жолын орташа жөндеуге – 150 000,0 мың теңге.**

Жалпы құны 795 478,7 мың теңгені құрайтын аталған жобаны жүзеге асыруды бастау 2018 жылға жоспарлануда. 2018 жылы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 150 000,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлу қажет.

**«Шұбарқұдық-Ойыл-Қобда-Соль-Илецк» уч. 30-40 км автомобиль жолын орташа жөндеуге – 182 478,4 мың теңге.**

Жалпы келісімшарт бойынша сомасы 242 478,4 мың теңгені құрайтын аталған жобаның жөндеу жұмыстары 2017 жылы басталды. Жоба басталғаннан бері 60 000,0 мың теңге бөлінді және игерілді. Облыстық маңызы бар «Шұбарқұдық-Ойыл-Қобда-Соль-Илецк» 30-40 км учаскесі Темір ауданының аумағынан өтеді. Жол IV техникалық санатқа жатады, жабын түрі – асфальтті бетон. Жөнделетін учаске ұзындығы – 10 шақырым. 2018 жылға жөндеу жұмыстарын аяқтауға 182 478,4 мың теңге көлемінде қаражат бөлу қажет.

**«Жергілікті бюджеттерден ағымдағы нысалы трансферттер» 268 113 000 бағдарламасы бойынша аудандарда автомобиль жолдарының орташа және күрделі жөндеу жұмыстарына 2018 жылы 2 097 789,0 мың теңге қарастырылған.**

**339 «Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлерінің нысаналы трансферттердің дамуы» ерекшелігі бойынша 2 097 789,0 мың теңге көлемінде қаражат бөлінуі қажет.**

**Әйтеке би ауданының «Қарабұтақ-Комсомол-Северное-ст. Уишатты» автомобиль жолы 0-10 км учаскесін күрделі жөндеу 193 349,2 мың теңге.**

*Жоба басталғаннан бері 292 776,0 мың теңге бөлінді және игерілді, оның ішінде 150 000,0 мың теңге 2016 жылы және 2017 жылы – 142 776,0 мың теңге. Жалпы келісімшарт бойынша жоба сомасы 486 125,2 мың теңгені құрайды.*

**Алға ауданының Богословка-Алға-Тоқмансай (Есет батыр Көкіулы-Қайнар уч.) 36 км автомобиль жолын орташа жөндеу - 100 000,0 мың теңге.**

*2017 жылы жобаны бастауға 148 823,6 мың теңге бөлінді. Жалпы келісімшарт бойынша жоба сомасы 867 157,9 мың теңгені құрайды.*

**Алға ауданының Болгарка-Қарабұлақ-Ә/Б (Алға-Қарабұлақ уч.) 40 км автомобиль жолын орташа жөндеу - 100 000,0 мың теңге.**

*Жоба басталғаннан бері 509 066,0 мың теңге бөлінді және игерілді, оның ішінде 165 066,0 мың теңге 2016 жылы және 2017 жылы – 344 000,0 мың теңге. Жалпы келісімшарт бойынша жоба сомасы 937 567,3 мың теңгені құрайды.*

**Алға қаласындағы Комсомол, Р.Ағниязов, А.Иманов, Овражная, Водопроводная көшелерін орташа жөндеу – 50 000 мың теңге.**

*2017 жылы жобаны бастауға 50 000,0 мың теңге бөлінді. Жалпы келісімшарт бойынша жоба сомасы 492 107,5 мың теңгені құрайды.*

**Байганин ауданының «Қарауылкелді-Жарқамыс» уч. 0-20 км аудандық маңыздағы автомобиль жолын орташа жөндеу 100 000,0 мың теңге.**

*2017 жылы жобаны бастауға 99 070,0 мың теңге бөлінді. Жалпы келісімшарт бойынша жоба сомасы 326 000,0 мың теңгені құрайды.*

**Байганин ауданының «Қарауылкелді-Жарқамыс» уч. 20-50 км аудандық маңыздағы автомобиль жолын орташа жөндеу 40 000,0 мың теңге.**

*2018 жылы жалпы сомасы 627 821,0 мың теңгені құрайтын жобаны бастау жоспарлануда. Осы мақсатта 2018 жылғы жұмыстарға 40 000,0 мың теңге бөлу қажет.*

**Бадамша ауылының Пацаев, Есет Батыр, Сәтбаев, Карюка, Әбілқайыр хан, Әйтеке би, Үкібаев және Пушкин көшелерінің жолдарын орташа жөндеу – 80 000,0 мың теңге.**

*Жоба басталғаннан бері 131 858,7 мың теңге бөлінді және игерілді, оның ішінде 31 858,7 мың теңге 2016 жылы және 2017 жылы – 100 000,0*

мың теңге. Жалпы келісімшарт бойынша жоба сомасы 286 738,7 мың теңгені құрайды.

**Қобда ауданының Қобда ауылының көшелерін (Ә.Молдағұлова, С.Сейфуллин, Құрманов, Иманов, Тайманов, Колесников) күрделі жөндеу – 90 000,0 мың теңге.**

Жоба басталғаннан бері 103 347,0 мың теңге бөлінді және игерілді, оның ішінде 32 238,0 мың теңге 2016 жылы және 2017 жылы – 71 109,0 мың теңге. Жалпы келісімшарт бойынша жоба сомасы 401 301,2 мың теңгені құрайды.

**Мәртөк ауылының ауылшілік жолдарын орташа жөндеу – 40 354,0 мың теңге.**

2017 жылы жөндеу жұмыстарын бастауға 16 815,0 мың теңге бөлінді. Жалпы келісімшарт бойынша жоба сомасы 61 076 мың теңгені құрайды.

**Мартук ауылына кіре берістегі газ бекетінен теміржол өткелі арқылы «Мартук-Дмитриевка» автомобиль жолына дейінгі автомобиль жолын орташа жөндеу – 40 000,0 мың теңге.**

2018 жылы жалпы сомасы 97 156,0 мың теңгені құрайтын жобаны бастау жоспарлануда. Осы мақсатта 2018 жылғы жұмыстарға 40 000,0 мың теңге бөлу қажет.

**Қандыағаш қаласындағы Интернационалды көшесі бойындағы автомобиль жолын күрделі жөндеу – 140 000,0 мың теңге.**

2017 жылы жөндеу жұмыстарын бастауға 49 556,8 мың теңге бөлінді. Жалпы келісімшарт бойынша жоба сомасы 509 819,6 мың теңгені құрайды.

**Ембі-Шалқар трассасынан Мұғалжар ауданы Жем қаласындағы Мәдениет үйіне дейінгі автомобиль жолын күрделі жөндеу - 99 807,3 мың теңге.**

Жоба басталғаннан бері 86 178,2 мың теңге бөлінді және игерілді, оның ішінде 58 403,0 мың теңге 2016 жылы және 2017 жылы – 27 775,2 мың теңге. Жалпы келісімшарт бойынша жоба сомасы 185 958,5 мың теңгені құрайды.

**Темір ауданы Шұбарқұдық кентінде кентішілік автомобиль жолдарын күрделі жөндеу - 43 178,7 мың теңге.**

Жоба басталғаннан бері 150 000,0 мың теңге бөлінді және игерілді, оның ішінде 50 000,0 мың теңге 2016 жылы және 2017 жылы – 100 000,0 мың теңге. Жалпы келісімшарт бойынша жоба сомасы 193 178,7 мың теңгені құрайды. 2018 жылы бұл жобаны аяқтау үшін 43 178,7 мың теңге бөлінуі қажет.

**Шұбарқұдық кентіндегі Гагарин көшесі, 8 Март, Байганин, Октябрьск көшелері бойындағы кентішілік автомобиль жолдарын күрделі жөндеу – 20 000,0 мың теңге.**

2018 жылы жалпы сомасы 138 163,6 мың теңгені құрайтын жобаны бастау жоспарлануда. Осы мақсатта 2018 жылғы жұмыстарға 20 000,0 мың теңге бөлу қажет.

**Ойыл ауданы Ойыл ауылының Дауленов көшесі бойындағы автомобиль жолын орташа жөндеу - 34 592,3 мың теңге.**

2017 жылы жөндеу жұмыстарын бастауға 500,0 мың теңге бөлінді. Жалпы келісімшарт бойынша жоба сомасы 35 092,3 мың теңгені құрайды. 2018 жылы бұл жобаны аяқтау үшін 34 592,3 мың теңге бөлінуі қажет.

**Ойыл ауданы Ойыл ауылының Масатов көшесі бойындағы автомобиль жолын орташа жөндеу - 10 263,3 мың теңге.**

2017 жылы жөндеу жұмыстарын бастауға 500,0 мың теңге бөлінді. Жалпы келісімшарт бойынша жоба сомасы 10 763,3 мың теңгені құрайды. 2018 жылы бұл жобаны аяқтау үшін 10 263,3 мың теңге бөлінуі қажет.

**Ойыл ауданы Ойыл ауылының Берсиев көшесі бойындағы автомобиль жолын орташа жөндеу - 24 432,7 мың теңге.**

2017 жылы жөндеу жұмыстарын бастауға 500,0 мың теңге бөлінді. Жалпы келісімшарт бойынша жоба сомасы 24 932,7 мың теңгені құрайды. 2018 жылы бұл жобаны аяқтау үшін 24 432,7 мың теңге бөлінуі қажет.

**Ойыл ауданы Ойыл ауылының Қарағұлов көшесі бойына автомобиль жолын орташа жөндеу – 14 759,5 мың теңге.**

2017 жылы жөндеу жұмыстарын бастауға 500,0 мың теңге бөлінді. Жалпы келісімшарт бойынша жоба сомасы 15 259,5 мың теңгені құрайды. 2018 жылы бұл жобаны аяқтау үшін 14 759,5 мың теңге бөлінуі қажет.

**Ақтөбе облысының Хромтау ауданы «Табантал ауылына кіреберіс» автомобиль жолын орташа жөндеу – 80,000,0 мың теңге;**

2018 жылы жалпы сомасы 636 363,9 мың теңгені құрайтын жобаны бастау жоспарлануда. Осы мақсатта 2018 жылғы жұмыстарға 80 000,0 мың теңге бөлу қажет.

**Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар қаласында Оңтүстік өткелден Шалқар-Ырғыз трассасына дейінгі автомобиль жолын орташа жөндеу – 20 000,0 мың теңге;**

2018 жылы жалпы сомасы 225 000,0 мың теңгені құрайтын жобаны бастау жоспарлануда. Осы мақсатта 2018 жылғы жұмыстарға 20 000,0 мың теңге бөлу қажет.

**Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар қаласында теміржол көпірінен Оңтүстік өткеліне дейінгі Резванов көшесі бойындағы автомобиль жолын орташа жөндеу – 20 000,0 мың теңге.**

2018 жылы жалпы сомасы 126 390,7 мың теңгені құрайтын жобаны бастау жоспарлануда. Осы мақсатта 2018 жылғы жұмыстарға 20 000,0 мың теңге бөлу қажет.

**Ақтөбе қаласының объектілері, жалпы сомасы 757 052,0 мың теңге:**

- Мөңке би көшесі бойындағы автомобиль жолының күрделі жөндеу – 95 582,0 мың теңге

- Кленовая көшесі бойындағы автомобиль жолын күрделі жөндеу – 18 000,0 мың теңге;

- Жуковский көшесі бойындағы автомобиль жолын күрделі жөндеу – 18 000 мың теңге;
- Жамбыл көшесі бойындағы автомобиль жолын күрделі жөндеу – 18 000 мың теңге;
- Өтемісов көшесі бойындағы автомобиль жолын күрделі жөндеу – 50 000,0 мың теңге;
- Байганин көшесі бойындағы автомобиль жолын күрделі жөндеу – 50000,0 мың теңге;
- Нариманов көшесі бойындағы автомобиль жолын күрделі жөндеу – 45 026,0 мың теңге;
- Құлымбетов көшесі бойындағы автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмысы - 100 000,0 мың теңге;
- Қарасай батыр көшесі бойындағы автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмысы – 90 624,0 мың теңге;
- 312 атқыштар дивизиясынан Әбілхайыр хан даңғылына дейінгі М.Мәметова көшесі бойындағы автомобиль жолын күрделі жөндеу – 200 000,0 мың теңге;
- Бейбітшілік даңғылынан АФЗ –дейінгі Жеңіс даңғылы бойындағы автомобиль жолын орташа жөндеу жұмысы – 30 623,0 мың теңге;
- «Аида» сауда үйінен Бөгенбай батыр көшесіне дейінгі М.Мәметова көшесі бойындағы автомобиль жолын орташа жөндеу – 30 659,0 мың теңге;
- Пожарский көшесінен Қобда тас жолына дейінгі автомобиль жолын орташа жөндеу – 10 538,0 мың теңге;

**Басқарма басшысы**

**А.Османғалиев**